

«Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Сәтбаев қ.

2025 жыл

"Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ басшысының 2024 жылғы 29 ақпандағы "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрығымен бекітілген жұмыс тобымен. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) бөлімшенің қызметін қатысты нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ұйымдық-басқарушылық қызметте және бөлімшеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2024-2025 жылдардағы талдау ММ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес басшылыққа алатынын көрсетті.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1. Кадр саясаты: 0
2. Мүдделер қақтығысы: 0
3. Мемлекеттік қызмет көрсету: барлық қызметтер бойынша талдау жүргізілді, көрсетілетін қызметтерде екі сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды

2. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.1. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " ММ мемлекеттік қызметтер Тізіліміне сәйкес "үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетеді. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация);
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің;
- 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі портал).

"Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша жалғызілікті қарттармен және мүгедек адамдармен жұмыс жөніндегі екі бөлімше және мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жөніндегі бір бөлімше бар. Көрсетілетін қызметті алушылардың саны 205 адам, оның ішінде 122 қарт, 1-2 мүгедектігі бар 32 адам, мүгедектігі бар балалардың жалпы саны 51. Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балалар 21, психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балалар 30.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі-0.

2.2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Бөлім қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерді (бұдан әрі – НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне анықтау

НҚА талдау барысында мынандай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтарды анықтады:

«Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» қағидасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Осы қағидаға Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 288 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, және 2025 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Аталған мемлекеттік қызмет көрсету қағидасының 15 тармағының 5 тармақшасында келесі көрсетілген: *«Көрсетілетін қызмет беруші "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы құжаттар келіп түскен күні:*

5) *"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 360-бабының 2-тармағына*

немесе 658-бабының 5-тармағына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем сомасының сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асырады.»

Алайда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 360-бабының 2-тармағында резидент-еңбекші көшіп келушілердің жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемді есептеу жазылмаған. Жоғарыда аталған Кодекстің 658-тармағында жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемді тек резидент емес – еңбекші көшіп келушілердің ғана есептеуі айқындалған. Сондықтан жеке табыс салығы бойынша төлем сомасын анықтау қиын. Бұл жағдай "еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу" Мемлекеттік қызметін көрсету кезінде маманның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелуі мүмкін.


Ұсыным: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген, «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» қағидасына өзгерістер енгізу.

2.3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі-Премьер - Министр орынбасарының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 Бұйрығының бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидаларының 41-тармағында: "жеке көмекшінің қызметтеріне ақы төлеуді жұмыспен қамту бөлімдері қызметтер көрсетудің нақты уақыты үшін, бірақ күніне 8 сағаттан аспайтын мерзімде жүргізеді Кодекстің 163-бабының 2-бабы". Іс жүзінде төлем мүгедек адамдарды тұрғылықты жерінен межелі пунктіне дейін және кері қарай алып жүрудің нақты уақыты үшін жүргізілуі тиіс екенін ескермей, дербес табелдеу мүмкіндігін пайдалана отырып, жеке көмекшілер күн сайын күніне 8 сағат қояды. Бұл ретте қозғалыста қиындықтары бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың физиологиялық тұрғыдан 8 сағат ішінде қозғалыста бола алмайтындығы назарға алынбайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мемлекеттік мекеме мүгедектігі бар адамдардан қол қойылған орындалған жұмыстардың актілері бойынша бюджет қаражатынан ақы төлеуге мәжбүр. Бұл ретте, жеке көмекшілердің іс-әрекеттерін бақылау функцияларының болмауы себебінен төлем жасамау мүмкін емес.

Ұсыныс: жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы Қызмет түрінің жіктемесін өзгерту қажет, оны жеке көмекшінің қызмет көрсету санатынан қозғалуда қиындықтары бар бірінші топтағы мүгедектерге күтім жасау жөніндегі мемлекеттік арнайы жәрдемақы санатына ауыстыру қажет. Белсенділерге (8 сағаттық сүйемелдеу, мысалы, мүгедектігі бар жұмыс істейтін адам) және белсенді емес (жұмыс істемейді, оқымайды және т. б.) мүгедектігі бар адамның санатын айқындау бойынша өлшемшарттар белгілінуі керек.

басшының орынбасары,
жұмыс тобының жетекшісі;



Ашыкбаев К.Б.

халықтың әлеуметтік осал
топтарымен жұмыс жөніндегі
сектор меңгерушісі;



Утенова А.С

жұмыспен қамту, әлеуметтік
әріптестік және көші-қон
секторының меңгерушісі;



Борибаева А.Б.

атаулы мемлекеттік, тұрғын үй
көмегін көрсету және мемлекеттік
қызметтер мониторингі жөніндегі
бас маман ;



Тукаева Р.С.

бухгалтерлік есеп бойынша
бас маман;




Молдагалиева А.А.

жалғыз басты қарттармен және
мүгедектігі бар адамдармен
жұмыс жөніндегі бөлімше меңгерушісі



Танаберген К.О.

мүмкіндігі шектеулі балалармен
жұмыс бөлімшесінің меңгерушісі



Алтыбаева Р.Е.